

Бекітемін
«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»
қоспаушылықпен қарастырылған қоспаушылықпен қарастырылған
А.О.Сеитова
2025-2026 оқу жылы



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған музыкалық
дағды бойынша Т.К.Бижанованың ұйымдастырылған іс-әрекетінің директивалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек, 2025 жыл

Айы	ҮІӨ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	музыка	Бастапқы диагностика «Сәлем, балақай» музыкалық естуін бақылау «Достар ойыны» музыкалық-қимылды қозғалыс «Ойыншықтар әлемінде» Ойыншықтар арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыкалық қабілетін дамыту. Әндерді айта отырып түстерді ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту. Балаларға сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену. Музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдыландыру. Музыкалық есту қабілеттерін арттыру. Ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. Түзете-дамыту жұмыстары: «Ойыншықтар әні» И.Нүсіпбаев «Әуе шарларын үрлейміз» музыкалық артикуляциялық жаттығу «Ойыншықтар дүкені» музыкалық қимылдар мен ырғақтар «Добым, добым, домалақ» әні «Көңілді сылдырмақтар» ырғақ терапиясы

10

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан, 2025 жыл

Айы	ҮІӘ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	музыка	«Кел, жемісті алтын күз» Музыканың біркелкі дыбыстарын естіп сезе білуге, қимылмен қол соғуды үйрету. Әуенді тыңдау, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру. Шығарманың көңілді сипатын сезіне білуге, соңына дейін тыңдап үйренуге қалыптастыру. Балаларға ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру. Музыканы тыңдата отырып ішкі сезімін ояту, дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау. Музыкаға деген сезімін ояту, қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету. Түзете-дамыту жұмыстары: «Сәлем, менің қолдарым» саусақ жаттығуы. Н.Оразбаева «Ия және жоқ» музыкалық-қимылды меңгеру. Н.Оразбаева «Жемістерді тереміз» музыкалық қимылды ойын Н.Оразбаева «Күзгі жел» логоритмикалық ән Г.Жотаева «Күзгі баққа саяхат» Н.Оразбаева «Жемістерім келе ғой» музыкалық – әуенді хоровод

11

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша, 2025 жыл

Айы	ҰІӨ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	музыка	«Жануарлар әлемі» Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету. Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка арқылы ойын ойнатуға машықтандыру. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. Шығарманы тындауға, әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға үйрету. Үй жануарларына деген қызығушылығын арттыру. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету. Музыка әуенімен билеуге машықтандыру. Түзете-дамыту жұмыстары: «Үй жануарларының дауыстарын кайтала» «Сәлем, менің қолдарым» саусақ жаттығуы. Н.Оразбаева «Мысығым» логоритмикалық әні «Күзгі жел» логоритмикалық әуен (у дыбысы) «Күзгі баққа саяхат» Н.Оразбаева «Қорбандаған аю» музыкалық қимылды қозғалыс. Н.Оразбаева «Ақтөс және құстар» Н.Оразбаева

12

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан, 2025 жыл

Айы	ҮІӘ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
желтоқсан	музыка	«Қысқы әуен» Қысқы әуендерге деген қызығушылығын ояту, дамыту. Музыканы тыңдауға талпындыру. Қыс кейіпкерлерімен таныстыру. Музыканы тыңдауға, жеке дыбысты ілесе айтуға шақыру. Шеңбер бойымен тұрып би ырғақтарын жасауға талпындыру. Балалардың тыңдау ынтасын тәрбиелеу. Ширақ және сабырлы музыка сипатын сипатын қимыл арқылы көрсету. Төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну. Түзете-дамыту жұмыстары: «Қысқы әуен» тыныс алу гимнастикасы «Сәлем, менің қолдарым» саусақ жаттығуы. Н.Оразбаева «Ия және жоқ» музыкалық-қимылды меңгеру. Н.Оразбаева «Аппақ қарлар» логоритмикалық ән Н.Оразбаева «Қысқы орманға саяхат» Н.Оразбаева «Аласа және биік шыршалар» музыкалық-дидактикалық қимылды ойын

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар, 2026 жыл

Айы	ҮІӘ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	музыка	«Қысқы орманға саяхат» Ойын арқылы балалардың есту, сезіну қабілетін дамыту. Сюжетті-ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. Ырғақты сезінуге «жай және тез» ұғымдарын түсінуге дағдыландыру. Сюжетті-рөлді ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту. Достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Мазмұнды музыкалық ойынды қимыл қозғалыс арқылы үлкендердің көмегімен аңдар жүрісін бейнелеп жүруге үйрету. Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру. Түзете-дамыту жұмыстары: «Көңілді аялдамалар» музыкалық-қимылды ойын «Ия және жоқ» музыкалық-қимылды меңгеру. Н.Оразбаева «Көліктер» музыкалық қимылды ойын Н.Оразбаева «Қысқы орманға саяхат» Мазмұнды музыкалық қимылды ойын. «Аңдар жүрісі» музыкалық қимыл. Э.Омарқалиева

14

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан, 2026 жыл

Айы	ҮІӘ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Музыка	«Біздің отбасымыз» Балаларға отбасын мүшелерін атауға,білуге үйрету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін қол,саусақ,ерін қимылдары арқылы жеткізуге тырысу. Балаларды жеке және жалпы орындауға өз еркімен немесе үлкендердің қосылуымен орындауға үйрету. Ата-анасын сыйлауға тәрбиелеу. Қазақ халқының аспабы домбырамен таныстыру. Түзете-дамыту жұмыстары: «Бармақтар отбасы» музыкалық саусақ жаттығуы «Қуыр-қуыр,қуырмаш» музыкалық сергіту жаттығуы «Ия және жоқ» музыкалық-қимылды меңгеру. Н.Оразбаева «Әлди-әлди қуыршақ» логоритмикалық ән «Анамызбен би» музыкалық би қимылы.Н.Оразбаева «Қысқы мүсіндер» музыкалық қимылды ойын.Н.Оразбаева «Күйші болғың келе ме?» музыкалық қимылды ойын

15

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз, 2026 жыл

Айы	ҮІӘ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	музыка	«Шуақты көктем» Музыканың керемет көңіл-күйі арқылы балаларды қуанышқа бөлей отырып дағдыларын дамыту. Сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Балаларға көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, қабілеттерін әрі қарай дамыту. Әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуға дағдыландыру. Әуенге ілесіп, қарапайым би элементтерін еркін орындау қабілеттерін дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Түзете-дамыту жұмыстары «Кішкентай көмекшілер» музыкалық-қимылды меңгеру. Н.Оразбаева «Тербеледі ағаштар» логоритмикалық ән «Анамызбен би» музыкалық би қимылы. Н.Оразбаева «Тоқаш пісіреміз» саусақ жаттығуы. Н.Оразбаева «Гүлдер мен көбелектер» музыкалық қимылды ойын «Көктем гүлдері» музыкалық ойын

асф 16

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір, 2026 жыл

Айы	ҰІӨ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Музыка	«Төлдер» Ән арқылы үй жануарларының енесін, төлін ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту. Жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын жасауға, денені жеңіл ұстауға үйрету. Жануарлардың қимылын, дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру. Дыбыс биіктігін ажырату. Балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. Балаларды үй жануарларымен, оның төлдерімен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу. Түзете-дамыту жұмыстары: «Төлдер» Б. Ғизатов музыкалық сергіту жаттығуы «Құлыншағым тоқ-тоқ» музыкалық-қимылды меңгеру. Н. Оразбаева «Ненің дауысы (үй жануарлары)» логоритмикалық ән «Танец козы» музыкалық би қимылы. Н. Оразбаева «Достық әні» А. Досмағамбетова «Көктем гүлдері» музыкалық ойын

17

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»

Топ: «Құлагер» (психикалық дамуы тежелген) мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр, 2026 жыл

Айы	ҮІӨ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Музыка	«Әуенді сандықша» Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету. Әуенді тыңдауға, есту, есте сақтау қабілетін, ырғақты ажыратуға баулуды жалғастыру. Барабанда ойнауды үйрету. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Жыл бойғы шығармашылық сала бойынша алған білімдерін, үйренген ән-билерін еске түсіріп қайталау. Түзете-дамыту жұмыстары: «Көктемде» музыкалық саусак жаттығуы. А. Айтуова «Көңілді барабан» ырғақ терапиясы «Кел билейік, балақай» музыкалық-қимылды меңгеру. Н. Оразбаева «Гүлдер мен көбелектер» музыкалық би қимылы. Н. Оразбаева «Әуенді қобдиша» музыкалық-дидактикалық ойын «Сиқырлы сандық» музыкалық – қимылды ойын «Көктем вальсі» жұптасып билеу Қорытынды диагностика